

**«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-індегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы**

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Астана қ.

07 қыркүйек 2026 жыл

I. Кіріспе бөлім

Осы аналитикалық анықтама Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (19.10.2016 жылғы №12 бұйрық) және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің әдістемелік ұсынымдарына (30.12.2022 жылғы №488 бұйрық) сәйкес, Серіктестіктің Бас директорының 22.06.2026 жылғы №07-03/94 ӨД бұйрығы негізінде «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-нің (бұдан әрі — Серіктестік) қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (СТІТТ) нәтижелері бойынша дайындалды.

Талдаудың мақсаты — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау:

- Серіктестіктің қолданыстағы ішкі нормативтік актілерінде;
- өкілдік шығыстарды жүзеге асыру процестерінде.

Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Жарғыға, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарға (қағидалар, нұсқаулықтар, регламенттер, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер) сәйкес жүзеге асырады.

Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты — меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару, өзге машиналарды, жабдықтарды және материалдық құралдарды жалға беру, республикалық және өңірлік форумдарды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ Астана қаласындағы Қазмедиа орталығы ғимаратының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты негізгі қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыс алу.

Талдау әдістері ретінде құжаттамалық зерделеу, сараптамалық бағалау, қызметкерлермен сұхбат жүргізу және анықталған ережелерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен салыстыру қолданылды.

II. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру процесіндегі ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Жұмыс тобының құрамы өкілдік шығыстарды жүзеге асыруға қатысты Серіктестіктің келесі құжаттарын зерделеді.

2.2. Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру процесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру процесіне талдау жүргізіліп, Серіктестіктің 2025–2026 жылдарға арналған Даму жоспарында өкілдік шығыстарға қатысты тармақтар көзделмегені және іс жүзінде Серіктестік қызметкерлері өкілдік шығыстарды жүзеге асырмағаны анықталды.

2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабына енгізілген өзгерістерді ескере отырып, оның 3-бөлігіне сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне негізгі міндеті олардың қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын

жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерді айқындау тапсырылған. Осыған байланысты Серіктестікте комплаенс-қызметті енгізу бойынша жұмыс жүргізілді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін жетілдіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Серіктестіктің Байқау кеңесінің 25.12.2023 жылғы №38 шешімі негізінде Серіктестіктің Бас директорының 08.01.2024 жылғы №08-01/5 бұйрығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары комплаенс-офицерге жүктелді.

Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат енгізілген, ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеуге және оларды болдырмауға бағытталған тиісті превентивтік шаралар қабылданады.

Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын (бұдан әрі — Тұжырымдама) іске асыру мақсатында Серіктестік сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысанын қабылдамауына қатысты қоғамдық санасын өзгертуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыруға және адал мінез-құлыққа ынталандыруға бағытталған жұмыс жүргізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдады.

Серіктестіктің аталған жұмысы, ең алдымен, қызметкерлер мен лауазымды адамдардың сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігін қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлықтың ықтимал көріністерін толық болдырмауға бағытталған.

Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұйымның негізгі құжаттары әзірленіп, қолданысқа енгізілді:

- Серіктестіктің Бас директорының 2022 жылғы 07 маусымдағы №07-03/183 бұйрығымен Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілді.

- Серіктестіктің Байқау кеңесінің 2023 жылғы 15 шілдедегі №39 шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызмет тәртібін регламенттейтін Серіктестіктің Комплаенс-офицері (комплаенс-қызмет) туралы ереже бекітілді;

- Серіктестіктің Бас директорының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №07-03/223 бұйрығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бекітілді;

- Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясаты (Серіктестік Бас директорының 07.06.2022 жылғы №07-03/180 бұйрығы);

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (Серіктестік Бас директорының 07.06.2022 жылғы №07-03/181 бұйрығы);

- Корпоративтік әдеп кодексі (30.09.2022 жылғы №34);

- Сигналдарды жинауға арналған электрондық пошта жәшігі және сенім телефоны туралы ереже (07.06.2022 жылғы №07-03/179).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін регламенттейтін аталған ішкі нормативтік құжаттар Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мақсатында Серіктестікте электрондық пошта жәшігі және сенім телефоны жұмыс істейді. Олар арқылы азаматтар мен қызметкерлер мүдделер қақтығысы фактілері және сыбайлас жемқорлық сипатындағы Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құқыққа қайшы әрекеттері туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары жүктелген бөлімшеге хабарлай алады.

Қазіргі уақытта Серіктестікте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмысқа қабылданған кезде қызметкерлер ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен міндетті түрде таныстырылатыны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні анықталды. Серіктестіктің лауазымды адамдары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелінің орташа немесе жоғары дәрежесіне жатқызылған лауазымдарды атқаратын адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы

шектеулерді қабылдайды және бақылау шараларына (декларациялау, ықтимал мүдделер қақтығысын ашу және т.б.) тартылады.

Серіктестік активтерді пайдалануға байланысты контрагенттермен жасалатын барлық шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе болуы тиіс екенін белгіледі. Шарттық қатынастарға кіріскен кезде бизнес-серіктестер ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарының болуы және тиісті шаралардың, оның ішінде шартты бұзуға және келтірілген залалды, соның ішінде беделдік залалды өтеуге дейін қолданылуы туралы хабардар етіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша комплаенс-офицердің қызметі Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Аталған жоспар Байқау кеңесінің 2025 жылғы 08 шілдедегі №54 шешімімен бекітілген.

Жоспарда Серіктестік бөлімшелерінің қызметіне мониторинг жүргізу, қызметкерлер арасында профилактикалық іс-шараларды тұрақты негізде өткізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу көзделген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын орындау мақсатында комплаенс-офицер Серіктестік мәмілелер жасаған, активтер мен өзге де мүлікті басқарған кезде ықтимал қауіптер мен тәуекелдерді, шарттар жасасудың орындылығын бағалайды, тәуекелдерге ден қою және олардың салдарын барынша азайту тетіктері мен жағдайларын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды іске асырады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс-офицер бос лауазымдарға кандидаттарды, сондай-ақ Серіктестік қызметкерлерін теріс факторлардың болуы тұрғысынан тексеруді жүргізеді.

Комплаенс-офицер бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілерін, сондай-ақ Серіктестіктегі қызметі кезеңінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған қызметкерлерді болдырмау мақсатында тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Өткен кезеңде жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында комплаенс-офицер 2026 жылы Серіктестік қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға бағытталған 2 профилактикалық іс-шара ұйымдастырып, өткізді. Іс-шаралар барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары түсіндіріліп, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі Серіктестік саясаты талқыланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №358 қаулысының 56-тармағын орындау мақсатында Серіктестік №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытының міндеттерін орындау бойынша жұмыс жүргізді. Тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды болдырмау бойынша жүргізілген жұмыс туралы қажетті мәліметтер жолданды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және барынша азайту бойынша жұмысты ұйымдастыру мақсатында Серіктестіктің мәртебесі мен қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, Байқау кеңесінің 2022 жылғы 23 мамырдағы №32 шешімімен Серіктестіктің тәуекелдерді басқару регламенті бекітілді.

Серіктестік қызметіндегі қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жеке пайда алу мақсатында да, Серіктестік үшін пайда алу мақсатында да жасау ықтималдығы жоғары процестер айқындалды. Тәуекелдерді талдау және бағалау барысында Серіктестіктің 7 сыбайлас жемқорлық тәуекелі, олардың себептері мен салдары тұжырымдалды. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша Серіктестіктің 2026 жылға

арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы жасалды, ол әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағалауға, сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Тәуекелдер картасы мен тізілімін қалыптастыру барысында тәуекел иелері айқындалып, паракорлық фактілерінің алдын алуға, анықтауға және оларға ден қоюға бағытталған негізделген және тиісті шаралар қабылданды. Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау шеңберінде Серіктестіктің мынадай құжаттары қаралды: Жарғы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі саласындағы саясат, штат кестесі, Ұжымдық шарт, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, еңбек шарттары, Серіктестіктің 2026 жылға арналған Даму жоспары, Серіктестіктің тарифтік саясаты.

2026 жылы іске асырылған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

Лауазымды адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттеріне қатысты шағымдар түскен жоқ.

2.4. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Серіктестік мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

2.5. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Серіктестік рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

2.6. Бақылау-ревизиялық функцияларды іске асыру.

Серіктестік бақылау-ревизиялық функцияларды жүзеге асырмайды.

2.7. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Серіктестікте ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша жұмыс жүргізілмейді.

2.8. Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу;

Серіктестік бюджеттік және қаржылық қаражаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес игереді және бөледі.

2.9. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар Серіктестікте азаматтық-құқықтық шарттарды қарау, келісу және жасасу регламентіне сәйкес жасалады.

III. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және төмендету жөніндегі ұсынымдар

3.1. Ұйымдастырушылық шаралар:

3.1.1. Азаматтық-құқықтық шарттар жасасу кезінде жеке және заңды тұлғалардың сенімділігін комплаенс-офицердің міндетті түрде тексеруін енгізу.

3.2. Бақылау шаралары:

3.2.1. Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру кезінде оларды комплаенс-офицермен келісу.

3.3. Рәсімдік шаралар:

3.3.1. Өкілдік шығыстарды комплаенс-офицермен келісуге жолдау.

3.4. Профилактикалық шаралар:

3.4.1. Қызметкерлерді жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және материалдық жауапкершілік мәселелері бойынша оқытуды өткізу.

3.4.2. Қызметкерлерді тексеру нәтижелері туралы тұрақты түрде хабардар етуді қамтамасыз ету.

IV. Қорытынды

Жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

№1 қосымша — Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы.

№2 қосымша — Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізілімі.

**«Қазмедиа орталығы»
басқарушы компаниясы» ЖШС
Бас директор**

К.С. Қасымжанов

Комплаенс-офицер

Д.С. Тулин